



**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
қызметі туралы қорытынды есеп**

Есепті кезең: 2023 жыл

Тапсырыс беруші: «Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы» ММ

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы»
Астана 2023**

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы 2023 жылғы қызметінің нәтижелері туралы оператордың есебі

1. Гранттарды орналастыру есебінің басталу және аяқталу күні

Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы басшысының бұйрығымен бекітілген гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларының 29-тармағына сәйкес мемлекеттік органның сайтында басшысының бұйрығымен бекітілген гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларының 29-тармағына сәйкес мемлекеттік органның сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-comdev?lang=kk> <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-comdev?lang=ru>) жұртшылықты хабардар ету мақсатында бекітілген жоспар уәкілетті органның Интернет-ресурсында орналастырылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Оператор өзінің Интернет-ресурсында және (немесе) мерзімді баспасөз басылымдарында хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

2023 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беру туралы хабарландыру 26 мамырда жарияланды.

Анықтама:

<https://cisc.kz/62142-62142.html>

<https://cisc.kz/ru/62137-62137.html>

https://www.facebook.com/cisc.kz/posts/pfbid0ccYUCMRyFjrJ8S5yNnSss6Yn6Zxcwc5tbgw1ojaiEj98KJE3gh7uxR398iyhA2wZl?locale=ru_RU

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Ағымдағы жылы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдар үшін гранттар мен сыйлықақылар туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес Оператор 7 бағыт бойынша 7 жобаны іске асырды, оның ішінде:

- 1) Жастар арасындағы волонтерлік бастамаларды қолдау;
- 2) Жастар арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту бойынша іс-шаралар кешенін дайындау және өткізу;
- 3) Балалар үйінің түлектеріне қолдау көрсету;
- 4) КТК ойындарын ұйымдастыру және өткізу;
- 5) Жастар арасында есірткі және олардың прекурсорларының таралуы мен қолданылуының алдын алу;
- 6) Ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету және Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін насихаттау бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру;
- 7) Алаяқтық схемалар мен «инфобизнесмендерді» әшкерелеу арқылы алаяқтықтың алдын алу және қаржылық сауаттылықты арттыру.

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны

Ағымдағы жылы оператор ҰЕҰ үшін мемлекеттік гранттар беру бойынша 1 конкурс өткізді. Келіп түскен өтінімдердің жалпы саны 14 ҰЕҰ-ның 21-ін құрады, оның ішінде мемлекеттік тілде 12 өтінім 6 ҰЕҰ - нан және орыс тілінде 8 ҰЕҰ-нан 9 өтінім.

Конкурс

2023 жылғы 26 мамырда оператор жариялаған конкурс нәтижелері бойынша 14 ҰЕҰ-нан 21 өтінім түсті, оның ішінде мемлекеттік тілде 12 өтінім 6 ҰЕҰ - нан және орыс тілінде 8 ҰЕҰ-нан 9 өтінім. Өтінімдерді қабылдау 2023 жылғы 15 маусымда аяқталды.

Гранттық тақырыптар бойынша өтінімдер саны:

№	Басым бағыттың атауы	Өтінімдер саны
1.	Балалар үйінің түлектеріне қолдау көрсету	4
2.	Жастар арасында есірткі және олардың прекурсорларының таралуы мен қолданылуының алдын алу	1
3.	Ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету және Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін насихаттау бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру	3
4.	Алаяқтық схемалар мен «инфобизнесмендерді» әшкерелеу арқылы алаяқтықтың алдын алу және қаржылық сауаттылықты арттыру	5
5.	Жастар арасындағы волонтерлік бастамаларды қолдау	1
6.	Жастар арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту бойынша іс-шаралар кешенін дайындау және өткізу	2
7.	КТК ойындарын ұйымдастыру және өткізу.	3

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы

Грант салалары :

- 1) Жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек;
- 2) Азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау;
- 3) Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау.

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы

Мемлекеттік гранттарды оператор Мемлекеттік бюджет қаражатынан Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және Мемлекеттік орган Оператормен жасалатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде береді.

Әлеуметтік жобаларды іске асыру мақсатында Оператормен конкурстық рәсімдер өткізіліп, жеңімпаздар анықталды.

Гранттың басым бағыт тізбесіне сәйкес жалпы сомасы 57 000 000 теңгеге 7 келісім шартқа қол қойылған.

Сонымен қатар, әлеуметтік жобаларды іске асыру қорытындысы бойынша 4 ҮЕҰ («Жоғары жастар кеңесі» қоғамдық бірлестігі, «Жетісу облысының мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігі» қоғамдық бірлестігі, «Аяулы алақан» қоғамдық қоры, «Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі (*басым бағыт: КТК ойындарын ұйымдастыру және өткізу*)) жалпы сомасы 181 258,82 теңгеге үнемдеу қалыптасты, қалған 3 ҮЕҰ бойынша («Мүшелтой» аула клубы» қоғамдық бірлестігі, «Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі (*басым бағыт: Жастар арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту бойынша іс-шаралар кешенін дайындау және өткізу*)), «Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі (*басым бағыт: Алаяқтық схемалар мен «инфобизнесмендерді» әшкерелеу арқылы алаяқтықтың алдын алу және қаржылық сауаттылықты арттыру*)) қорытынды есеп қаралуда.

6. Есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден гранттарды іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы

Есепті кезеңде Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік гранттарын іске асыру кезінде бюджеттен тыс көздер тартылмады.

7. Есепті кезеңде гранттарды іске асыруға тартылған қазақстандық ұйымдар қатарындағы әріптестер туралы ақпарат 1-қосымшаға сәйкес ұсынылды.

8. Есепті кезеңде гранттарды іске асыруға тартылған халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарындағы әріптестер туралы ақпарат 2-қосымшаға сәйкес ұсынылды.

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер 3-қосымшаға сәйкес ұсынылды.

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер 4-қосымшаға сәйкес ұсынылды.

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы қорытындылар мен ұсынымдар

Мемлекеттік гранттық қаржыландыруды жоспарлауға қатысты

1. 2023 жылы ҮЕҰ үшін мемлекеттік грант "Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға мемлекеттік тапсырыс, гранттар мен сыйлықақылар туралы" Заңның 5-бабына сәйкес ықтимал 15 саланың 3-і бойынша ұсынылды.

Осыған байланысты барлық әлеуметтік маңызды салалар бойынша 2024 жылға арналған жоспарға енгізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынамыз.

Гранттық жобаларды іске асыруға қатысты

2. Жобаларды іске асыру тәжірибесі көрсеткендей, қаржыландырудың белгіленген тетігі (30% аванстау, кейіннен 30% шегеріп транштар беру) грант қаражатын уақтылы игермеу және қойылған міндеттерді сапасыз орындау нәтижесінде тәуекелдер туғызады.

Осыған байланысты 80% көлемінде аванс төлей отырып, гранттық жобаларды қаржыландыру тетігін қайта қарауды ұсынамыз.

Қорытындылай келе, жалпы Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының гранттық жобасы бойынша жоспарланған іс-шаралардың уақтылы орындалуы, сондай-ақ негізгі индикаторлардың негізгі үлесіне қол жеткізудің жеткілікті деңгейі қамтамасыз етілгенін атап өтеміз.

Басқарма Төрағасы

Л. Диас

Есепті жасау күні: «14» желтоқсан 2023 жыл